

А2016  
1733

Ғ.Е. Керімбек

**НАЛОГИ И  
НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ  
РУССКО-КАЗАХСКИЙ словарь**

**I том**

Катангана  
Удолокча шотарманно

тавоге тийедийе.  
ЭЗН келетте

29 коркусе 2015 жыл  
А. Фермиш





**Ғ.Е. КЕРІМБЕК**

**НАЛОГИ И  
НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ  
РУССКО-КАЗАХСКИЙ СЛОВАРЬ**

*1-том*



Алматы  
2012

УДК 336. (038)  
ББК 65.261.4 я 2  
К 32 .

Рецензенты: **Д.Е. Ергожин** – ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы;  
**Д.Е. Ергожин** – Председатель Налогового комитета Министерство финансов РК.

**К 32 Керімбек Ғ.Е.**  
**Налоги и налогообложение. Русско-казахский словарь. / Салық және салық салудың орысша-қазақша сөздігі. 1-том. – Алматы: Экономика. 2012. – 600 с.**

ISBN 978-601-225-430-3

Бұл сөздікте Қазақстан Республикасының салық саясатына қатысты ұғымдарға қазақ және орыс тілінде жан-жақты толық түсініктеме берілген. Сонымен қатар еліміздің салық саласы, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, оларды есептеу және төлеу тәртібі, салықтық жеңілдіктер қарастырылған.

Сөздікте 2000-нан аса терминдер қамтылған.

Сөздік экономикалық және заң оқу орындарының студенттеріне, магистрантары мен оқытушыларына, салықтық-бюджеттік және қаржылық орган қызметкерлеріне, жалпы оқырмандарға арналған.

В словаре в краткой и емкой форме изложены важнейшие понятия налоговой политики Республики Казахстан. Рассмотрены вопросы государственной политики в области налогов и налогообложения, виды налоговых и обязательных платежей в бюджет, порядок их исчисления и уплаты, налоговые льготы.

Словарь охватывает свыше 2000 терминов. К ним даны подробные комментарии на казахском и русском языках.

Предназначен для студентов, магистрантов и преподавателей экономических и юридических учебных заведений, работников налоговых, бюджетных и финансовых органов и др.

УДК 336. (038)  
ББК 65.261.4 я 2

ISBN 978-601-225-430-3 – (Т. 1)  
ISBN 978-601-225-429-7 (общ.)

© Керімбек Ғ.Е., 2012  
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2012

## АВТОРДАН

2009 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Халыққа «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауында «Негізгі салықтар бойынша ставкаларды әлдеқайда төмендеткен жаңа Салық кодексі іске қосылды. Өткен жылмен салыстырғанда, корпоративтік табыс салығы биылғы жылдың өзінде үштен бірге төмендетіліп, 20 пайызды құрайды, ал 2011 жылы 15 пайыз болады. ҚҚС ставкасы 12 пайызға дейін төмендетілді. Әлеуметтік салық ставкасының регресті шкаласының орнына 11 пайыз көлеміндегі бірыңғай ставка енгізілді. Инвестицияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін салық преференциялары көзделген. Осының бәрі экономиканың шикізаттық емес секторын, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың аса маңызды ынталандырғышының біріне айналды» деп атап көрсетті.

Осыған орай бүгінгі таңда мемлекетімізде тиімді салық саясатын ұйымдастыру, олардың тек билік органдары ғана емес, барлық шаруашылық субъектілері мен жалпы көпшілік қауым үшін, салық саясаты және оны жүзеге асыру әдістері туралы ақпараттардың қол жетімділігін қамтамасыз ету міндеттері тұр.

Біздің мақсат – салық саласына қатысты барлық ұғымдар мен терминдерді бір ізге келтіріп, жүйелеу.

Сондықтан сөздікті жетілдіру жөніндегі оқырмандардың әрбір сындарлы ой-пікірлерін және ұсыныстарын түсіністікпен қабылдай отырып, кез-келген салық төлеуші мен салық қызметкері үшін бүгінгі күні күнделікті пайдаланатын маңызы бар әдістемелік құрал болады деп үміттенеміз.

## ОТ АВТОРА

В своем Послании к народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию» от 6 марта 2009 года Глава государства подчеркнул: «Введен в действие новый Налоговый Кодекс, значительно снизивший ставки по основным налогам. По сравнению с прошлым годом корпоративный подоходный налог в этом году уже снижен на треть и составляет 20 процентов, а в 2011 году составит 15 процентов. Ставка НДС снижена до 12 процентов. Вместо регрессивной шкалы ставок социального налога введена единая ставка в размере 11 процентов, а для предприятий, осуществляющих инвестиции, предусмотрены налоговые преференции. Все это стало одним из важнейших стимулов развития несырьевого сектора экономики, малого и среднего предпринимательства».

Для реализации основных положений Послания необходимо разработать эффективную налоговую политику, обеспечить доступность информации относительно налоговой политики и методов ее осуществления для хозяйствующих субъектов и всей общественности.

В данном издании сделана попытка систематизировать все понятия и термины налоговой сферы. Выражаем надежду, что оно послужит важным методическим пособием для каждого налогоплательщика и работника налоговой системы. Возможно, авторам не до конца удалось это сделать, поэтому с благодарностью примем каждое конструктивное замечание и предложение по совершенствованию словаря.



№ 4К-12-30/11798  
29 қауаз 2016

## ПІКІР

Қазақстан Республикасының егемендік алып, өз алдына зайырлы мемлекеттер қатарында дами отырып, әлемдік экономикалық үрдістерде және ТМД кеңістігінде көш бастаушы мемлекеттер сапында болуы – әлеуметтік-экономикалық өсуін және индустриялық-инновациялық дамуын жаңа қарқынды экономикалық сипатта көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Салық және кеден саясатын реформалау күллі экономикалық жанару саясатының маңызды құралы болуы керек және экономикамыздың жана салаларын әртараптандыру мен дамытуды ынталандыру арқылы, бұл салаларға шетел капиталын тарту мақсатында икемді салық және бюджет саясатын пайдалану маңызды» – деп атап көрсетеді.

Сондықтан да бүгінгі күні еліміздегі экономикалық реформалар мен құрылымдық өзгерістерге сәйкес, тиімді салық саясатын ұйымдастыруы, олардың тек билік органдары ғана емес, барлық халық шаруашылығы субъектілері мен жалпы көпшілік қауым үшін, салық түсінігі және оны жүзеге асыру әдістері туралы ақпараттардың қол жетімділігін қамтамасыз ету міндеттері тұр. Осы мақсаттарды шешуде бүгінгі күні жүзеге асырылып отырған «Электронды үкімет» жүйесінің өмірге енгізілуі және оның әрбір салық төлеуші үшін қажетті ақпараттардың жарияланымдығын қамтамасыз ету қажеттілігі де қаралып отыр.

Ұсынылып отырған сөздікте Қазақстан Республикасының Салық және Бюджет кодексі, бірнеше заңдар мен актілерін, бүгінгі таңда экономика саласында, оның ішінде: қаржы, несие, банк, халықты әлеуметтік қорғау және қамсыздандыру бағытында жарық көрген еңбектерді саралап зерттеу барысында бірқатар экономикалық ұғымдарға анықтама берілген. Бұл сөздік салықтық реттеуді тұрақтандыруға, бүгінгі күндегі мемлекетіміздің салық саясатын және салық салу қызметінің тиімділігін арттыру бағыттары мен жетілдіру жолдарына, елімізде салық төлеушілердің арасында «салық мәдениетін» қалыптастыруға өзіндік бір үлес қоса алады.

Аталған ауқымды мақсаттарды шешуде осы еңбек барлық көпшілік қауымға, оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға, қаржы және салық органдарының қызметкерлеріне салық ұғымдары мен оның негізгі іс-шараларын, жүзеге асыру әдістері мен тәсілдері туралы қажетті ақпараты бар ғылыми негізделген бірден-бір әдістемелік сөздіктердің бірі және де бұл еңбек «әрбір салық төлеуші үшін бүгінгі күні күнделікті пайдаланатын негізгі қойын кітапшасы болады» – деп сенім білдіре аламын.

**ҚР Қаржы министрлігі,  
Салық комитетінің төрағасы**



**Д.Е. Ерғожин**



№ 4К-12-30/11798

17 қағаз 2011ж

## РЕЦЕНЗИЯ

С развитием рыночных отношений в Республике Казахстан появилась необходимость осмысления и разработки не только финансово-экономических вопросов, но и особенно вопросов налогообложения. В свою очередь, это вызывает потребность в издании не только проблемной экономической литературы, но и словарей-справочников.

В предлагаемом словаре налоговых терминов авторы ставили своей целью кратко раскрыть важнейшие понятия, отражающие сущность налогообложения, налоговой деятельности и налоговой политики государства. При этом важное значение придается учету последних изменений налогового законодательства Республики Казахстан и опыта работы отечественных предприятий в новых экономических условиях.

В связи с тем, что разработке методологических основ налоговых терминов и понятий на казахском языке не уделяется должного внимания, потребность в издании такого рода назрела давно. Данный труд составлен с учетом эволюции языка и аналогичной практики в постсоветском пространстве. Поэтому данный экономический словарь представляет собой нечто большее, чем традиционные словари, содержание которых обычно ограничено лишь самыми необходимыми пояснениями терминов.

В них дается расширительное толкование приведенных терминов и понятий, в том числе и используемых в учебном курсе высших учебных заведений, а также раскрываются многие экономические события, факты, явления, происходящие в современном Казахстане.

Словарь является первым исследованием, дающим объяснение теории налогообложения в ее систематизированном и комплексном виде. Значительное количество терминов рассмотрено впервые, дается новая теоретическая оценка многим явлениям, категориям и кардинальным проблемам налогообложения. Главной задачей авторов было раскрыть современное содержание наиболее важных и часто употребляемых терминов, обеспечить простоту изложения, ясность толкований.

0037877

Настоящий словарь представляет собой впервые предпринимаемое в стране справочное издание на государственном языке, призванное упорядочить термины и понятия, охватывающие широкий спектр явлений и факторов в системе налогообложения.

Словарь предназначен для студентов, магистрантов и преподавателей экономических и юридических учебных заведений, работников налоговых органов, представительных и исполнительных органов государственной власти и всех интересующихся проблемами налогов, налогообложения и налоговой деятельности государства.

**Председатель Налогового комитета  
Министерства финансов РК**

A handwritten signature in black ink, consisting of stylized, overlapping loops and a long horizontal stroke at the bottom.

**Д.Е. Ергожин**

## САЛЫҚ ТУРАЛЫ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР

«Салық – төлеушілер үшін құлдықтың емес, бостандықтың белгісі»

Адам Смит

«Өмірде салық пен өлімнен қашып құтыла алмайсың»

Франклин

\* \* \*

АҚШ-та екі мейрам бар:

1. Туылған күні;
2. Салықты төлеген күні.

\* \* \*

Салық төлеуші болып тіркелу – парыз,  
Есептелген салық сомасын төлемеу – қарыз.

\* \* \*

Заңды салық – міндет,  
Заңсыз табыс – індет.

\* \* \*

Салықтан қашқан арын сатады.

\* \* \*

Заңды салық – қаулы,  
Қате салық – даулы.

\* \* \*

Қаулылы салық – парызқойды тәрбиелейді,  
Қателі салық – арызқойды тәрбиелейді.

\* \* \*

Салық төлеу – заңды жол,  
Игерімді іс – елге зор,  
Игерімсіз іс – жалға қор,  
Заңсыз табыс – банкротқа жол,  
Тапқан дүние – талан таражға қол.

\* \* \*

Біздің мақсатымыз:

- еліміздің салық саясатындағы жүзеге асырып жатқан іс шараларын насихаттау;
- салық төлеушілердің арасында «салық мәдениетін» қалыптастыру;
- әрбір тұлғаның салық төлеуге деген азаматтық борышын арттыру.

## **КРЫЛАТЫЕ (мудрые) СЛОВА О НАЛОГЕ**

*«Налог – для налогоплательщиков это знак свободы, а не рабства»*

**Адам Смит**

*«В жизни не возможно избежать от двух вещей: налога и смерти»*

**Франклин**

\* \* \*

*В США существуют два праздника:*

- 1. Дата рождения;*
- 2. Дата оплаты налога.*

\* \* \*

*Зарегистрироваться как налогоплательщик – обязанность,  
Неуплата суммы начисленного налога – долг.*

\* \* \*

*Законный налог – задача  
Незаконный доход – болезнь.*

\* \* \*

*Человек, который избегает от уплаты налога, способен продать свою  
совесть.*

\* \* \*

*Законный налог – постановление,  
Ошибочный налог – споры.*

\* \* \*

*Законный налог – воспитывает должника,  
Ошибочный налог – воспитывает жалобщика.*

\* \* \*

*Оплата налога – законный путь,  
Осваиваемое дело – огромный дух,  
Не осваиваемое дело – наемный резерв,  
Незаконный доход – путь к банкротству,  
Приобретаемая вещь – путь к разбазариванию.*

\* \* \*

*Наша цель:*

- пропаганда мероприятий, которые осуществляются в налоговой политике нашей страны;*
- формирование среди налогоплательщиков «налоговой культуры»;*
- развитие у всех лиц гражданского долга по оплате налога.*



**АБОНЕНТ** – пользователь услуг связи, с которым заключен договор об оказании таких услуг с выделением для этих целей абонентского номера или кода идентификации.

**АВАЛИСТ** – лицо, совершившее аваль.

**АВАЛЬ** – вексельная гарантия, при которой лицо, ее совершившее, принимает на себя обязательство по осуществлению платежа по векселю (полностью или в части) за другое лицо, обязанное по векселю.

**АВАНС** – денежная сумма, выдаваемая в счет предстоящих платежей за материальные ценности, выполненные работы, оказанные услуги.

**АВАНСОВЫЙ ОТЧЕТ** – документ о денежной сумме, выданной для покрытия расходов по выполнению поручений лица, выдавшего аванс. Получатель аванса должен предоставить отчет о его расходовании.

В А.о. *перечисляются*: часть заранее выданной работ-

**АБОНЕНТ** – байланыс қызметтерін көрсету максаттары үшін абоненттік нөмір немесе бірдейлендірілген код бөлінген кезде осындай қызметтер көрсету туралы келісімшарт жасасқан байланыс қызметін пайдаланушы.

**АВАЛЬШЫ** – аваль беруші тұлға.

**АВАЛЬ** – вексель кепілдігі, соған орай оны жасаған тұлға вексель бойынша міндетті басқа тұлға үшін вексель жөніндегі төлемді жасауға (толық немесе бір бөлігін) өзіне міндеттеме қабылдайды.

**АВАНС** – материалдық құндылықтар үшін атқарылған жұмыс және көрсетілген қызмет бойынша алдағы төленетін төлем есебінен берілетін ақшалай сома.

**АВАНСТЫҚ ЕСЕП** – аванс беруші тұлғаның тапсырмаларын орындау кезіндегі шығындарды жабу үшін берілген ақша қаражаттары туралы құжат. Аванс алушы жұмсалған қаражаттардың есебін беруі тиіс.

А.е.-ке *тіркелетін құжаттар*: қызметкерлерге алдын-ала

нику заработной платы: денежные суммы командированному перед выездом в командировку, проездные билеты, документы на получение материальных ценностей и др.

**АВАНСОВЫЙ ПЛАТЕЖ** – денежная сумма, выдаваемая в счет предстоящих платежей за материальные ценности, выполненные работы, оказанные услуги.

**АВАРИЙНО-СПАСАТЕЛЬНАЯ СЛУЖБА** – совокупность органов управления, сил и средств, предназначенных для решения задач по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций, функционально объединенных в единую систему, основу которой составляют аварийно-спасательные формирования, в том числе аэромобильные отряды, структурно включающие в себя спасателей-исполнителей, выполняющих аварийно-спасательные и неотложные работы, спасателей-руководителей этих работ – младшего, среднего и высшего состава, и вспомогательные службы технического обеспечения этих работ.

**АВАРИЙНОЕ ЗАГРЯЗНЕНИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ** – внезапное непреднамеренное загрязнение окружающей среды, вызванное аварией, про-

жалақының есебінен бір бөлігін беру; іссапарға барған жері мен уақыты белгіленген іссапар куәлігі, жол жүру құжаттары, материалдық құндылықтар алу құжаттары және т.б.

**АВАНСТЫҚ ТӨЛЕМ** – заңды тұлғалардың материалдық құндылықтар, атқарылған жұмыс және көрсетілген қызмет бойынша алдағы төленетін төлем есебін берілетін ақшалай сомасы.

**АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ** – негізін өзіне құрылымдық жағынан авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды орындайтын атқарушы-құтқарушыларды, шағын, орта және жоғары құрамдағы осы жұмысты басқарушы-құтқарушыларды және осы жұмысты техникалық жағынан қамтамасыз ететін көмекші қызметтерді қамтитын авариялық-құтқару құрамалары, оның ішінде аэроұтқыр отрядтар құрайтын қызмет міндеттері жағынан біртұтас жүйеге біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған басқару органдарының күштер мен құралдардың жиынтығы.

**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ АВАРИЯЛЫҚ ЛАСТАНУЫ** – жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түр-

исшедшей при осуществлении экологически опасных видов хозяйственной и иной деятельности физических и юридических лиц. и являющее собой выброс в атмосферу и сброс вредных веществ в воду или рассредоточение твердых, жидких или газообразных загрязняющих веществ на участке земной поверхности, в недрах или образование запахов, шумов, вибрации, радиации, или электромагнитное, температурное, световое и иное физическое, химическое, биологическое вредное воздействие, превышающее для данного времени допустимый уровень.

лерін жүзеге асыруы кезінде болған авариядан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және суга ағызу салдары немесе жер беті учаскесінде, жер койнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі ластағыш заттардың жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе сол уақыттағы жол берілетін деңгейден асатын электромагниттік, температуралық әсер ету, жарықтың әсері немесе өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету арқылы қоршаған ортаны кенеттен абайсызда лаптауы.

**АВАРИЯ** — разрушение зданий, сооружений и технических устройств, применяемых на опасном производственном объекте, неконтролируемые взрыв или выброс опасных веществ.

**АВАРИЯ** — ғимараттың, құрылыстың және қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғының бұзылуы, бақыланбайтын жарылыс немесе қауіпті заттардың шығарындысы.

**АВИАКОМПАНИЯ** — юридическое лицо, имеющее действующий сертификат эксплуатанта гражданских воздушных судов.

**АВИАКОМПАНИЯ** — азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының қолданыстағы сертификаты бар заңды тұлға.

**АВИАЦИОННОЕ СТРАХОВАНИЕ** — специализированная область страхования рисков, связанных с использованием средств авиационной и космической техники.

**АВИАЦИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ** — әуе кемелері мен ғарыш техникасын пайдаланумен байланысты мүлктік мүддені сақтандырудың мамандандырылған саласы.

**АВТОБУС** — автотранспортное средство, предназначенное для перевозки пассажиров и багажа.

**АВТОБУС** — жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден аса отыратын орны бар, жолаушылар мен

имеющее более восьми мест для сидения, исключая место водителя.

жолжүк тасымалына арналған автокөлік құралы.

**АВТОВОКЗАЛ** – комплекс сооружений, предназначенный для обслуживания пассажиров и водителей автобусов, пассажиропоток которого составляет более пятисот человек в сутки, и включающий в себя: капитальное здание с залом ожидания вместимостью свыше семидесяти пяти человек и билетными кассами, пункты медицинского освидетельствования водителей и оказания первичной медико-санитарной помощи, камеры хранения, перрон для посадки и высадки пассажиров, площадку для стоянки автобусов, посты для осмотра автобусов, диспетчерские пункты и комнату матери и ребенка.

**АВТОВОКЗАЛ** – жолаушылар легі тәулігіне бес жүзден астам адам болатын, жолаушыларға және автобустардың жүргізушілеріне қызмет етуге арналған және оған: жетпіс бестен астам адам сиятын күту залы және билет кассалары бар күрделі ғимарат, жүргізушілерді медициналық куәландыру және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету пункттері, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон, автобустар тұратын алаң, автобустарды карау посттары, диспетчерлік пункттер және ана мен бала бөлмесін қамтитын құрылыстық кешен.

**АВТОЗАПРОВОЧНАЯ СТАНЦИЯ** – технологический комплекс, оснащенный оборудованием, обеспечивающим хранение и розничную реализацию нефтепродуктов.

**АВТОКӨЛІКТЕРГЕ ЖАНАРМАЙ ҚҰЮ СТАНЦИЯСЫ** – мұнай өнімдерін сақтауды және бөлшек саудамен өткізуді қамтамасыз ететін жабдықпен жарактандырылған технологиялық кешен.

**АВТОЛАВКА** – оснащенное торговым оборудованием специализированное автотранспортное средство.

**АВТОДҮКЕН** – сауда жабдықтарымен жаракталған мамандандырылған арнайы автокөлік құралы.

**АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА** – система для сбора, накопления, хранения, поиска, пере-

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ** – есептеуіш техникаларды, компьютерлік ақпараттық желілерді,

дачи, обработки информации с использованием вычислительной техники, компьютерных информационных сетей, средств и каналов связи.

### **АВТОМАТИЧЕСКИЙ БЮДЖЕТ**

– возобновление в неизменном виде бюджета истекшего года на новый бюджетный год. Действует в случае, если новый бюджет не был представлен или его утверждение задерживается.

### **АВТОМОБИЛЬНАЯ ДОРОГА**

– комплекс инженерных сооружений, предназначенных для движения автомобилей, обеспечивающий непрерывное, безопасное движение автомобилей и других транспортных средств с установленными скоростями, нагрузками, габаритами, а также участки земель, предоставленные для размещения этого комплекса (земли транспорта), и воздушное пространство над ними в пределах установленного габарита.

### **АВТОМОБИЛЬНОЕ ТРАНСПОРТНОЕ СРЕДСТВО**

– единица подвижного состава автомобильного транспорта, включающего автобусы, микроавтобусы, легковые и грузовые автомобили, автомобильные прицепы, полуприцепы к седельным тягачам, а также специализированные автомобили (предназначенные для перевозки определенных видов грузов) и

байланыс құралдары мен каналдарын пайдалана отырып, ақпараттарды жинау, жинақтау, сақтау, іздеу, беру және өндеу үшін жүйелер.

### **АВТОМАТТЫ БЮДЖЕТ**

– өткен жылдың бюджетін жана бюджет жылында өзгеріссіз күйінде жаңадан қолдану. Мұндай қолданыс жана бюджет ұсынылмай қалған немесе бекітілуі кешіккен жағдайда жүзеге асады.

### **АВТОКӨЛІК ЖОЛЫ**

– автокөліктердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, көлемдермен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автокөліктер жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген көлем шегіндегі әуе кеністігі.

### **АВТОКӨЛІК КӨЛІГІНІҢ ҚҰРАЛДАРЫ**

– автобустар, шағын автобустар, жеңіл және жүк автокөліктері, автокөлік тіркемелері, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелер, сондай-ақ, арнайы бейімделген автокөліктер (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнаулы автокөліктер (әр түрлі, көбінесе көлікке арналмаған жұмыстарды

специальные автомобили (предназначенные для выполнения различных, преимущественно не транспортных работ).

**АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ МЕЖДУНАРОДНОГО ЗНАЧЕНИЯ** – автомобильные дороги, соединяющие столицы соседних государств, а также входящие в соответствии с межгосударственными соглашениями в международную сеть автомобильных дорог.

**АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ЗНАЧЕНИЯ** – автомобильные дороги, обеспечивающие транспортное сообщение между крупными административными, культурными и экономическими центрами республики, а также соседними государствами, и автомобильные дороги, имеющие оборонное значение, за исключением автомобильных дорог международного значения.

**АВТОМОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ** – перевозки пассажиров, багажа, грузов или почты, осуществляемые автотранспортными средствами по автомобильным дорогам.

**АВТОМОБИЛЬНЫЙ ТРАНСПОРТ** - отрасль экономики, основной сферой деятельности которой являются организация и осуществление перевозок пассажиров, багажа, грузов и почты с

орындайтын) кіретін автокөлік көлігі жылжымалы құрамынын бірлігі.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫ** – көршілес мемлекеттердің астаналарын жалғастырып жатқан, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерге сәйкес халықаралық автокөлік жолдары желісіне кіретін автокөлік жолдары.

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫ** – халықаралық маңызы бар автокөлік жолдарын қоспағанда, республиканың ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтары, сондай-ақ көршілес мемлекеттер арасында көлік қатынасын қамтамасыз ететін автокөлік жолдары және қорғаныстық маңызы бар автокөлік жолдары.

**АВТОКӨЛІКПЕН ТАСЫМАЛДАУ** – автокөлік жолы арқылы автокөлік құралымен жүзеге асырылатын жолаушылар, жолжүк, жүктер немесе почта тасымалы.

**АВТОКӨЛІК КӨЛІГІ** – негізгі қызмет аясы автокөлік құралдары мен инфрақұрылымды пайдалана отырып, жолаушылар, жолжүк, жүктер мен почта тасымалын ұйымдастыру және

использованием автотранспортных средств и инфраструктуры.

жүзеге асыру болып табылатын экономика саласы.

**АВТОНОМНЫЙ БЮДЖЕТ** – самостоятельные сметы доходов и расходов, относительно независимые от бюджетов центральных правительств. А.б. имеют государственные и смешанные предприятия и учреждения, а также специальные правительственные фонды (например, фонд социального страхования).

**АВТОНОМДЫ БЮДЖЕТ** – орталық үкіметтердің бюджеттеріне біршама тәуелді емес кіріс пен шығыстың дербес сметалары. А.б.-тер мемлекеттік және аралас кәсіпорындар мен мекемелерде, сондай-ақ арнаулы үкімет қорларында (мәселен, әлеуметтік сақтандыру қоры) болады.

**АВТОР** – физическое лицо, творческим трудом которого создано произведение.

**АВТОР** – шығармашылық есебімен туынды жасаған жеке тұлға.

**АВТОРСКОЕ ПРАВО** – 1. Имущественные и личные неимущественные права автора. 2. Совокупность правовых норм, определяющих положение авторов литературных, научных, художественных произведений.

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ** – 1. Автордың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары. 2. Әдеби, ғылыми және көркем туындылар авторларының жағдайын анықтайтын құқықтық нормалар жиынтығы.

**АВТОСТАНЦИЯ** – комплекс сооружений, предназначенный для обслуживания пассажиров и водителей автобусов, пассажиропоток которого составляет менее пятисот человек в сутки, и включающий в себя: капитальное здание с залом ожидания вместимостью до семидесяти пяти человек и билетными кассами, камеры хранения, перрон для посадки и высадки пассажиров, площадку для стоянки автобусов, диспетчерские пункты.

**АВТОСТАНЦИЯ** – жолаушылар легі тәулігіне бес жүз адамнан аз болатын, жолаушыларға және автобустардың жүргізушілеріне қызмет етуге арналған және оған: жетпіс бес адамға дейін сиятын күту залы және билет кассалары бар күрделі ғимарат, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон, автобустар тұратын алаң, диспетчерлік пункт кіретін құрылыс кешені.

**А В Т О Т Р А Н С П О Р Т Н О Е С Т Р А Х О В А Н И Е** – специализированная область страхования, связанная с эксплуатацией средств автотранспорта. *А.с. включает в качестве самостоятельных видов:* страхование механизированных средств транспорта (авто-каска); страхование средств транспорта вместе с багажом (имущество), а также водителем и пассажирами (автокомба); страхование гражданской ответственности владельцев механизированных средств транспорта за ущерб, причиненный ими третьим лицам.

**АГЕНТ** – юридическое или физическое лицо, совершающее определенные операции по поручению другого лица за его счет и от его имени, а также обеспечивающее подготовку сделок по без права подписания контрактов. *А. являются:* брокеры, маклеры, дилеры, комиссионеры, личные представители, фанд-менеджеры, адвокаты. Свои действия **А.** осуществляет с ведома лица по агентскому соглашению за вознаграждение.

**АГЕНТ ИМПОРТНЫЙ** – лицо, находящееся в стране собственника, осуществляющее импортные операции за его счет.

**АГЕНТ ПО УПЛАТЕ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ** – физическое или юридическое лицо, включая иностранное юридическое лицо,

**АВТОКӨЛІКТІ САҚТАНДЫРУ** – автокөлік құралдарын пайдалануға байланысты сақтандырудың мамандандырылған саласы. *А.с. дербес ретінде қамтиды:* механикаландырылған көлік құралын сақтандыру (авто-каска); көлік құралын оған тиелген жүкпен (мүлік), сондай-ақ жүргізушімен және жолаушымен бірге сақтандыру (автокомба); механикаландырылған көлік құралы иесінің үшінші бір тұлғаға келтірген нұқсаны жөніндегі азаматтық жауапкершілігін сақтандыру.

**АГЕНТ** – басқа тұлғаның тапсыруы бойынша оның есебінен және атынан белгілі бір операциялар жасайтын, сондай-ақ өзара шарттың даярлануын қамтамасыз ететін, бірақ қол қоюға құқы жоқ заңды немесе жеке тұлға. *А.-ке жатады:* брокер, маклер, дилер, комиссионер, жеке өкіл, фанд-менеджер, адвокат. **А.** өз іс-әрекетін тұлғаның рұқсатымен агенттік келісім бойынша сыйақы үшін жүзеге асырады.

**ИМПОРТ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТ** – мүлік иесінің елінде орналасқан, оның есебінен импорт операцияларын жүзеге асырушы тұлға.

**МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТ** – Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын

осуществляющее деятельность в РК через постоянное учреждение, а также филиалы, представительства иностранных юридических лиц, исчисляющее, удерживающее (начисляющее) и перечисляющее обязательные пенсионные взносы в порядке, определяемом законодательством РК.

**АГЕНТ ЭКСПОРТНЫЙ** – торговое лицо, выступающее по поручению одного или небольшого числа промышленных предприятий своей страны на основе заключенного между ними агентского договора.

**АГЕНТСКАЯ ОБЛИГАЦИЯ** – облигация, выпускаемая финансовым агентством.

**АГЕНТСКАЯ ФИРМА** – выступает от имени и за счет собственника. В зависимости от условий договора лицо само заключает сделки от его имени и за его счет, либо только посредничает при заключении сделок.

**АГЕНТСКИЕ УСЛУГИ** – предоставление агентами услуг юридическим и физическим лицам или выполнение их отдельных поручений.

Размер вознаграждения агентам зависит от выполняемых поручений и назначается обычно в процентах от выручки за проданный товар или услугу.

шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есептеп қосатын) және аударатын шетелдік заңды тұлғаның филиалы, өкілдігі.

**ЭКСПОРТ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТ** – өз елінің бір немесе бірнеше өнеркәсіп орындарының тапсыруымен, олардың арасында жасалған агенттік келісімшарт негізінде іс-әрекет жасайтын сауда тұлғасы.

**АГЕНТТІК ОБЛИГАЦИЯ** – қаржы агентігі шығаратын облигация.

**АГЕНТТІК ФИРМА** – меншік иесі атынан және соның есебінен іс-әрекет жасайды. Келісімде көрсетілген келісімшарттарға сәйкес тұлға соның атынан және есебінен келісімді өзі жасайды немесе келісім жасасу кезінде тек делдалдық етеді.

**АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТ** – заңды және жеке тұлғаның, яғни агенттің басқаның тапсырмасы және мүддесі бойынша, соның есебінен және атынан алдын-ала анықталған шартта қызмет көрсетуі.

Агент мәміленің көлеміне қарай немесе өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтен түскен түсімнің белгілі бір пайызы бойынша агенттік сыйақыларын алады.

**АГЕНТСКОЕ СОГЛАШЕНИЕ** – вид договора с физическим или юридическим лицом (агент) о выполнении им от имени и в интересах принципала определенного рода обязанностей. Заключается, как правило, в письменной форме.

В А.с. *указываются*: полномочия, предоставляемые агенту; сфера, характер и порядок выполнения поручаемой деятельности; условия и размер вознаграждения агенту; права и обязанности сторон; срок действия; санкции против стороны, нарушившей условия агентского соглашения и порядок урегулирования споров, связанных с его выполнением.

**АГРОПРОДОВОЛЬСТВЕННЫЙ РЫНОК** – совокупность отношений, связанных с приобретением, реализацией и иными элементами оборота сельскохозяйственной продукции и продуктов ее переработки.

**АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС** – совокупность отраслей экономики, включающих производство, заготовку, хранение, транспортировку, переработку и реализацию продукции сельского, рыбного хозяйства, а также пищевую промышленность, сопутствующие производства и сферы деятельности, обеспечивающие их современной техникой, технологическим обо-

**АГЕНТТІК КЕЛІСІМ** – жеке немесе заңды тұлғалардың белгілі бір заңды немесе басқа әрекеттерді басқа кез келген тұлғаның тапсырмасы немесе мүддесі бойынша және соның есебінен орындауы туралы жасалатын келісімшарттың бір түрі.

*А.к.-де көрсетіледі*: агентке берілетін өкілеттілік; қызмет ету аясы; қатысушы тараптардың міндеттері мен құқықтары; агенттің сыйақысының көлемі мен шарты; келісімнің әрекет ету мерзімі; қолданылатын санкциялар және даулы мәселелерді реттеу тәртібі.

**АГРАРЛЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫ** – ауыл шаруашылығы өнімімен оның қайта өңдеу өнімдерін сатып алумен, өткізумен және олардың айналымының өзге де элементтерімен байланысты қатынастардың жиынтығы.

**АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН** – ауыл және балық шаруашылығы өнімін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ, тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, акпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілесіп өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-

рудованием, деньгами, информационными и другими ресурсами, ветеринарно-санитарную и фитосанитарную безопасность, научное обеспечение и подготовку кадров.

### **АДВАЛОРНЫЕ ПОШЛИНЫ**

– виды таможенных пошлин. Представляют собой взывскание в процентном отношении на таможенной стоимости товара.

### **АДВАЛОРНЫЙ НАЛОГ** – платежи на основе фиксированной процентной ставки со стоимости товара.

Важное преимущество **А.н.** состоит в том, что он автоматически сохраняет свою функцию в условиях инфляции.

В **А.н.** входят: торговые налоги, налоги на собственность, пошлины на импорт.

### **АДВОКАТ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН** – гражданин РК, имеющий высшее юридическое образование, получивший лицензию на право осуществления адвокатской деятельности, обязательно являющийся членом коллегии адвокатов и оказывающий юридическую помощь на профессиональной основе в рамках адвокатской деятельности, регламентируемой Законом РК «Об адвокатской деятельности».

**А. не может быть:** лицо, имеющее судимость за умышленное преступление, признанное в установленном порядке не-

санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика саласының жиынтығы.

### **АДВАЛОРЛЫҚ БАЖДАР** – кеден баждарының түрі. Олар тауардың кедендік құнына пайыздық қатынас бойынша өндіріп алынуымен сипатталады.

### **АДВАЛОРЛЫҚ САЛЫҚ** – белгіленген пайыздық мөлшер негізінде тауар құнынан алынатын төлемдер.

**А.с.-тың** маңызды артықшылығы – ол инфляция жағдайында өз қызметін сақтап қалады.

**А.с.-қа жатады:** сауда салығы, меншік салығы, импорт алымының түрлері.

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТ** – жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңымен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін ҚР азаматы.

**А. бола алмайды:** қасакана қылмыс жасағаны үшін сотталған, белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі

дееспособным или ограниченно дееспособным, исключенное из коллегии адвокатов, уволенное из правоохранительных органов за совершение дисциплинарного проступка, в течение одного года со дня увольнения, а также лицо, действие лицензии которого прекращено в порядке, установленном Законом РК «Об адвокатской деятельности».

**АДДИТИВНЫЙ** – получаемый путем сложения.

**АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВОНАРУШЕНИЕ** – противоправное, виновное (умышленное или неосторожное) действие либо бездействие физического лица или противоправное действие либо бездействие юридического лица, за которое Кодексом об административных правонарушениях предусмотрена административная ответственность.

**АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ** – порядок принятия и исполнения решений при осуществлении государственными органами и должностными лицами государственных функций и должностных полномочий и их оформление: процедура организации работы государственного аппарата; процедуры рассмотрения обращений граждан по реализации их прав, а также процедуры административной защиты прав и законных интересов граждан; основные начала

спектеулі деп танылған, адвокаттар алкасынан шығарылған. тәртіптік жағымсыз әрекет жасағаны үшін құқық қорғау органдарынан босатылған тұлға – босатылған күнінен бастап бір жыл бойы, сондай-ақ лицензиясының қолданылуы «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен тоқтатылған тұлға.

**АДДИТИВТІ** – косу жолымен алынатын шама.

**ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ** – жеке тұлғаның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша әкімшілік жауаптылық, көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігіне немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі.

**ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕР** – мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың мемлекеттік қызметтер мен лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде шешімдер қабылдау мен орындау тәртібі және оларды рәсімдеу: мемлекеттік ақпараттық жұмысын ұйымдастыру рәсімі азаматтардың өз құқықтарын іске асыру жөніндегі өтініштерін қарау рәсімдері, сондай-ақ, азаматтарды құқықтары мен заңды мүдделерін әкімшілік қорғау рәсімдері; экономика саласын-

процедур принятия решений в области экономики.

дағы шешімдер қабылдау рәсімдерінің негізгі бастаулары.

### АДМИНИСТРАТИВНЫЙ АКТ

– акт органа государственного управления, который в отличие от нормативного акта имеет своей целью установление, изменение или прекращение конкретного правоотношения.

Юридическая сила А.а. определяется тем, от какого органа он исходит.

### АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СЛУЖАЩИЙ

– государственный служащий, не входящий в состав политических государственных служащих. осуществляющий должностные полномочия на постоянной профессиональной основе в государственном органе.

### АДМИНИСТРАТИВНЫЙ РАСХОД

– все расходы, связанные с инициированием и проведением процедур банкротства, реабилитационной процедуры, внесудебной процедуры ликвидации и внешнего наблюдения, включая затраты по оплате услуг привлекаемых и специализированных организаций, суммы вознаграждений для реабилитационного и конкурсного управляющих, а также администратора внешнего наблюдения; налоги и другие обязательные платежи в бюджет, обязательства по уплате которых возникли в ходе ликвидации должника.

### ӘКІМШІЛІК АКТІСІ

– мемлекеттік басқару органының актісі, нормативтік актіден оның айырмашылығы – нақты құқық қатынасын орнату, өзгерту немесе тоқтату мақсатын көздейді.

Ә.а.-нің заң күші өзін қандай органның шығарғанына байланысты.

### МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІ

– мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін. мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші.

### ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫС

– сырттан тартылатын және мамандырылған ұйымның көрсететін қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығынды. оңалтуды және конкурстық басқарушының, сондай-ақ сырттай байқау әкімшісінің сыйақы сомасын қоса алғанда, банкроттық рәсімдеріне. оңалту рәсіміне, соттан тыс тарату рәсіміне және сырттай байқауға бастамашылық жасау мен оларды өткізуге қатысты барлық шығыс; борышкердің таратылуы барысында оларды төлеу жөнінде міндеттеме пайда болған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем.

**АДМИНИСТРАТИВНЫЙ СБОР** – вид пошлин, взимаемых с юридических и физических лиц за произведенные в их интересах административные действия; исчисляются, как правило, в твердых ставках.

**АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ШТРАФ** – платеж, взимаемый за нарушения в случаях, предусмотренных законодательством (например, за нарушение общественного порядка).

**АДМИНИСТРАТОР БЮДЖЕТНЫХ ПРОГРАММ** – государственный орган, ответственный за планирование, обоснование и реализацию бюджетных программ.

А.б.п. определяется согласно возложенным на него функциям и полномочиям.

**АДМИНИСТРАТОР ВНЕШНЕГО НАБЛЮДЕНИЯ** – лицо, назначенное в установленном порядке для проведения процедуры внешнего наблюдения.

**АЗАРТНАЯ ИГРА** – основанное на риске соглашение, заключенное участниками между собой либо с представителем игорного заведения, на исход события, предполагающего выигрыш, в котором они принимают участие.

**АКИМ** – представитель Президента и Правительства РК, возглавляющий местный исполнительный

**ӘКІМШІЛІК АЛЫМЫ** – заңды және жеке тұлғалардың мүддесі үшін жасалған әкімшілік іс-әрекеттер үшін олардан алынатын баж салығының түрі; әдетте кесімді ставкалармен есептеледі.

**ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ** – заңда қарастырылған міндеттемелерді бұзған жағдайда алынатын төлем (мәселен, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін).

**БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ӘКІМШІСІ** – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган.

Б.б.ә. оған жүктелген қызметтер мен өкілеттіктерге сәйкес айқындалады

**СЫРТТАЙ БАЙҚАУ ӘКІМШІСІ** – сырттай байқау рәсімін жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға.

**ҚҰМАРОЙЫН** – қатысушылардың өз арасында не ойын мекемесінің өкілімен ұтыс көзделіп, олар қатысатын оқиғаның нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім.

**ӘКІМ** – ҚР Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда)

орган (в случае его создания) и обеспечивающий проведение государственной политики на соответствующей территории. согласованное функционирование всех территориальных подразделений центральных государственных органов РК. руководство исполнительными органами, финансируемыми из соответствующего бюджета. наделенный полномочиями государственного управления в соответствии с законодательством РК, ответственный за состояние социально-экономического развития соответствующей территории.

**АККОРДНАЯ ОПЛАТА ТРУДА** – разновидность сдельной формы заработной платы работников: заработная плата выплачивается за полностью выполненную работу, объем которой заранее оговорен в соглашении.

**АККОРДНЫЙ НАЛОГ** – постоянная ежегодная сумма налоговых платежей физического лица, не зависящая от уровня дохода и потребления товаров и услуг, а также от состояния личных возможностей.

**АККРЕДИТИВ** – один из способов расчетов, при котором кредитор получает следующий ему платеж от указанного в сделке банка на условиях и в сроки, определенные сторонами, заключившими сделку: расчетный или денеж-

баскаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін ҚР орталық мемлекеттік органдардың барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін. ҚР заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген. тиісті аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі.

**АККОРДТЫ ЕҢБЕКАҚЫ** – қызметкерлер жалақысының кесімді түрі: жалақы толық істелген жұмыс үшін төленеді, оның көлемі келісімде алдын-ала көрсетіледі.

**АККОРДТЫ САЛЫҚ** – табыс мөлшерінің, тауарлар мен қызметтердің тұтыну немесе жеке мүмкіндігінің деңгейінен тәуелсіз, жеке тұлғанын жыл сайын салық түрінде төлейтін тұрақты салық сомасы.

**АККРЕДИТИВ** – есеп айырысу тәсілдерінің бірі, онда кредитор (несие беруші) келісімшартта көрсетілген банктен өзіне тиесілі төлемді келісім шарт жасасқан жақтар белгілеген шарттармен және мерзімде алады; есеп ай-

ный документ, представляющий собой поручение одного кредитного учреждения другому произвести за счет специально забронированных средств оплаты товарно-транспортных документов за отгруженный товар или выплатить предъявителю аккредитива определенную сумму денег.

**АКТ КОНТРОЛЯ** – документ, составленный органами государственного финансового контроля, ревизионными комиссиями маслихатов, службами внутреннего контроля по результатам контроля.

**АКТ НАЛОГОВОЙ ПРОВЕРКИ** – документ, составляемый после завершения налоговой проверки ответственным должностным лицом налоговой службы, с указанием: места проведения **Н.п.**, даты составления акта; вида проверки: должностей, фамилий, имен, отчеств (при их наличии) должностных лиц органа налоговой службы, проводивших **Н.п.**; наименования органа налоговой службы; фамилии, имени, отчества (при его наличии) либо полного наименования налогоплательщика (налоговый агент); местонахождения, банковских реквизитов налогоплательщика (налоговый агент), а также его идентификационного номера; фамилий, имен, отчеств (при их наличии) руководителя и должностных лиц налогоплательщика

ырысатын құжат немесе ақша құжаты. ол – жөнелтілген тауар үшін тауар-көлік құжаттарын арнайы калдырылған каражат есебінен төлеу немесе аккредитивті ұсынушыға белгілі бір ақша сомасын беру жөнінде бір несие мекемесі басқа бір мекемеге жүктейтін тапсырма.

**БАҚЫЛАУ АКТІСІ** – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары, мәслихаттардың тексеру комиссиялары ішкі бақылау қызметтері бақылау нәтижелері бойынша жасаған құжат.

**САЛЫҚ ТЕКСЕРУІНІҢ АКТІСІ** – салық тексеруі аяқталған соң салық қызметі органының лауазымды тұлғасы салық тексеруі актісін жасайды және онда көрсетілетін мәліметтер: **С.т.** жүргізілген орынды, акт жасалған күн; тексерудің түрі; салық қызметі органының **С.т.** жүргізген лауазымды тұлғаларының қызметі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); салық қызметі органының атауы; салық төлеушінің (салық агенті) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) не толық атауы; салық төлеушінің (салық агенті) орналасқан жері, банктік деректемелері, сондай-ақ оның сәйкестендіру нөмірі; салық төлеушінің (салық агенті) басшысының және салық есептілігі мен бухгалтерлік есеп-

(налоговый агент), ответственных за ведение налоговой и бухгалтерской отчетности и уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет; сведений о предыдущей документальной проверке и принятых мерах по устранению ранее выявленных нарушений налогового законодательства Республики Казахстан (при проведении комплексных, тематических проверок); проверяемого периода и общих сведений о документах, представленных налогоплательщиком (налоговый агент) для проведения проверки: подробного описания налогового нарушения со ссылкой на соответствующую норму налогового законодательства Республики Казахстан; результатов Н.п.

тілікті, салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуді жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаларының тегі, аты, әкесінің аты (олар болған жағдайда); алдыңғы жүргізілген құжаттық тексеру және бұрын анықталған Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою бойынша қолданылған шара туралы мәліметті (кешенді, тақырыптық тексерулер жүргізген кезде); тексерілетін кезеңді және тексеру жүргізу үшін салық төлеуші (салық агенті) табыс еткен құжат туралы жалпы мәлімет: Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тиісті нормасына сілтеме жасай отырып, салық бұзушылығының егжей-тегжейлі жазылған сипаттамасы: С.т. нәтижелері.

**АКТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО ОБСЛЕДОВАНИЯ** – документ, выдаваемый должностным лицом, осуществляющим государственный санитарно-эпидемиологический надзор, по результатам проверки объекта на его соответствие требованиям законодательства РК в области санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

**САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ АКТІСІ** – объектінің халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы ҚР Заңдарының талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға беретін құжат.

**АКТ СВЕРКИ** – акт сверки взаиморасчетов между налогоплательщиком и его дебитором содержит следующие сведения: наи-

**САЛЫСТЫРУ АКТІСІ** – салық төлеуші мен оның дебиторының арасындағы өзара есеп айырысу-ды білдіреді және онда мынадай

менование налогоплательщика и его дебитора, их регистрационные номера; наименование налогового органа, где состоят на регистрационном учете налогоплательщик и его дебитор; реквизиты банковских счетов налогоплательщика и его дебитора; сумму задолженности дебитора перед налогоплательщиком; юридические реквизиты, печать и подписи налогоплательщика и его дебитора; дату составления А.с.

**АКТИВ** – учетная категория, включающая стоимость собственного имущества рыночного субъекта плюс средства и запасы, предназначенные для уплаты задолженности.

А. могут быть осязаемыми, имеющими материальную субстанцию (оборудование, строение, долговые обязательства).

А. делятся также на текущие и фиксированные в зависимости от того, превращаются ли они в деньги в течение года (счетного периода) или нет. В хозяйственной практике составляется баланс активов и задолженности. Задолженность подразделяется на краткосрочную и долгосрочную в зависимости от того, погашается ли она в течение счетного периода или переходит за его пределы.

**АКТИВНЫЕ НАЛОГИ** – характеризуются тем, что их объект, предмет, налоговая база и ис-

мәліметтер көрсетіледі: салық төлеуші мен оның дебиторының атауы және олардың тіркеу нөмірлері; салық төлеуші мен оның дебиторы тіркеу есебінде тұрған салық органының атауы; салық төлеуші мен оның дебиторының банк шоттарының деректемелері; дебитордың салық төлеушіге берешек сомасы; салық төлеуші мен оның дебиторының заңды деректемелері, мөрі және қойылған колдары: С.а.-нің жасалған күні.

**АКТИВ** – нарық субъектілері мүліктерінің құнын, қарыздарды төлеуге арналған қаржылар мен сақтандыру қорларын қамтитын есепке алу санаты.

А.-тер материалдық негіздегі нақты заттар (жабдықтар, құрылыстар, қарыз міндеттемелері) болуы мүмкін.

А-тер жыл ішінде (есепті кезеңде) ақшаға айналуына немесе айналмауына байланысты ағымдағы және тұрақты активтер болып та бөлінеді. Шаруашылық тәжірибесінде активтер мен қарыздардың балансы жасалады. Қарыз есепті кезең ішінде өтелетін-өтелмейтініне немесе сол кезеңнің шегінен шығуына байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

**АКТИВТІ САЛЫҚ** – салық төлеушінің ағымдағы шаруашылық және өндірістік қызметтерінің

точник выплаты формируются в результате текущей хозяйственной и производственной деятельности налогоплательщика. Примером такого налога выступает корпоративный подоходный налог. В процессе своей производственной деятельности налогоплательщик производит определенный товар (продукцию), выполняет работы, оказывает кому-то услуги. Реализуя данный товар (работы, услуги), налогоплательщик получает доход. На основе правил, установленных Налоговым кодексом, исчисляется налогооблагаемый доход, который одновременно является и предметом налогообложения и налоговой базой по данному налогу. Полученный доход выступает источником налога. К А.н. относятся все виды косвенных налогов (налог на добавленную стоимость, акцизы).

**АКТИВНЫЕ ОПЕРАЦИИ** – размещение юридическим лицом имеющихся у него финансовых ресурсов с целью пустить их в оборот и получить доход.

**АКТИВНЫЕ ОПЕРАЦИИ БАНКА** – операции, посредством которых банк размещает имеющиеся у него денежные средства (покупка ценных бумаг, выдача ссуд).

**АКТИВЫ БАНКА** – размещение собственного капитала банка и

